


№ 2006
3966-15



Алтын сақа

Алтын сақа
(қазақ ертегілері)



Балалар
ДЕБИЕТІ

Алматы
2005

ББК 82.3 (2 Қаз)
А 46

*Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министірлігінің, Ақпарат
және мұрағат комитетінің бағдармасы
бойынша шығарылып отыр*

А 46 Алтын сақа – Алматы:
“Балалар әдебиеті” баспасы. – 2005. – 60 бет.


ISBN 9965-650-40-3

А $\frac{4803250104}{00(05)-05}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-650-40-3

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2005



АЛТЫН САҚА

Өткен заманда бір бай болыпты; ол бір перзентке зар болыпты; етек— жеңін түрініп, дүниені қоймай қыдырып, бір бала сұрап алыпты. Бай бір күні жылқысын суаруға Құлатса көлге келсе, көлдің ішінде бір қып — қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Әлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да, суға жаба алмайды.

Сол кезде бай тұрып судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен тартып кетеді. Өкпе суға батып кетеді де, әлден уақыттан соң Жалмауыз кемпір болып, судан шығады да, байдың жағасынан ала кетеді. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді.

Бай Жалмауыз кемпірге:—

— Ат басындай алтын берейін, қоя бер,— дейді.

Жалмауыз кемпір жібермейді.

— Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер,— дейді.

Кемпір көнбейді. Бай сасып:

— Енді не берейін?— дейді.

Кемпір:

— Жалғыз баланды бер, жіберейін,— дейді.

Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді.

Кемпір байға:

— Баланды қай жерде бересің?— дейді.

Сонда бай:

— Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырарсың,— дейді.

Сонымен, бай Жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап кетіп қалады.

Ертеңінде көшерде, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып, жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнайын десе, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап, жылайды.

Сонда әкесі:

— Кеше көшіп жүргенде жұртта қалыпты.

Барып, алып қайта ғой,— дейді.

Бала бармақшы болады да, әкесінен:

— Әке, қандай тайға мініп барайын?— деп сұрады.

— Жылқышыдан сұрап мін, — дейді бай.
Жылқышы балаға:

— Құрығыңды құлдыратып, жүгенінді сылдыратып, жылқыға бар. Қай тай бетіне қараса, соны мін, — дейді.

Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да жүгендейді. Жүгендегенде, тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, тай құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала қуанып үстіне қарғып мінгенде, тұлнар болып, көзді ашып — жұмғанша жұрқа жетіп келеді. Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен.

Бала кемпірге:

— Шеше, анау жатқан сақамды алып берші, — дейді.

Сонда кемпір:

— Шырағым, өзің түсіп ал! Кәріліктен отырсам — тұра алмаймын, тұрсам — отыра алмаймын, — дейді.

Сонда бала:

— Мен жастықтан: түссем — міне алмаймын, мінсем — түсе алмаймын, — дейді.

Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала үзенгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра шабады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі — бері қуып, жете алмай-

тын болған соң, кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен шауып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы да бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай әлсірейін дейді. Терек жанына бара бергенде, бала, тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір, тағы бір тісін жұлып алып, бәйтеректің түбін қаза бастайды, кешке дейін қазады.

Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге:

— Шеше, шаршаған шығарсың! Мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демал, — дейді.

Кемпір жатады. Түлкі тісті суға атады да, қазған шұңқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір түрегелсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суыр-ып алып, кетпен қылып, бәйтеректі қаза береді.

Бір уақытта тағы да бір түлкі келіп:

— Шеше, кетпеніңді маған бере тұр, сен шаршаған шығарсың, мен қазайын, — дейді.

Сонда Жалмауыз кемпір:

— Сен тағы да кетпенімді алып, қашып кетерсің? — дейді.

Сонда түлкі:

— Ол қырдың қызыл түлкісі ғой, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл бала-

ның әкесі аң аулап жүргенде мені қуып, соға жаздаған болатын. Сондықтан, бұл балада менің кегім бар, — дейді.

Жалмауыз кемпір түлкінің сөзіне сеніп, тағы да кетпенді түлкіге беріп, өзі ұйқыға кіріседі. Түлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де, шұңқырды бітеп, өзі қашып кетеді. Кемпір тұрса, тағы да кетпені де жоқ: “Алда ойбай — ай, алдаған екен ғой!” — деп, тағы да бір тісін суырып, кетпен қылып, бәйтеректің түбін қаза береді. Сонда кемпір аузын ашса бір — ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза — қаза, құлатуға жақындатады.

Бір заманда баланың төбесінен бір топ қарға өтеді. Бала қарғаға:

— Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар!

Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені Жалмауыз кемпірден арашалап алсын, — дейді.

Сонда қарғалар қарқ етіп ұшып кетеді. Бір мезгілде үйректер төбеден ұшып өтеді, бала оларға да айтады. Олар да үндемей ұшып кете береді. Бір заманда бір қарлығаш бәйтеректің төбесінен әрлі — берлі ұшып жүреді де, баланың төбесіне келіп қонады. Бала қарлығашқа жылап тұрып, бұған да тапсырады. Бұрын бала қыстауындағы ұя салған қарлығаштардың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жібереді екен. Сондықтан, бала қарлығашпен дос екен. Соны-


мен, қарлығаш баланың төбеттеріне тапсырғанын айтып барады. “Осындай бәлен жердегі бәйтеректің басында бала отыр; бәйтеректің түбін Жалмауыз кемпір қазып жақындатқан, енді құлатуға таяу тұр, — дейді қарлығаш баланың төбеттеріне.


Мұны есіткен соң төбеттер, шапқаннан шауып отырып, бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтеректе жерге құлайды.


Баланың төбеттері, Жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, жүн — жүнін шығарып, өлтіріп тастайды. Бала төбеттеріне кезек — кезек мініп, еліне аман сау жетеді. Бала Жалмауыздан аман — сау құтылып келгеніне әке — шешесі қатты қуанып, ел — жұртын жыйып, үлкен той қылады.

Бұдан былай неше күндер өткеннен кейін, баяғы Жалмауыз кемпірдің қызы құлаған бәйтеректің жанына келеді. Келсе, шешесінің жүн — жүні шығып өліп қалғанын көреді. Кім өлтіргенін білу үшін, сол жерде қарап жүрсе, иттердің ізі көрінеді. Мұнан қыз иттердің ізіне түсіп келе жатса, көп жылқы кез болады. Енді ауыл жақын екенін біліп, ол жүріп келе жатады. Иттердің ізі түп — тура байдың қотанына алып барады. Бұл кезде қотанға баяғы Жалмауыз кемпірдің қызының келгенін біліп, бес төбет жалма — жан тұра ұмтылады. Қыз кемпірдей емес, өте күшті екен, бес төбетке бой

бермейді. Сол арада бала, садақпен атып,
қыздың көзін шығарады; садақпен екінші
атқанда қызды өлтіреді.







КҮН АСТЫНДАҒЫ КҮНІКЕЙ ҚЫЗ

Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты; мал дегенде оншақты ешкісі болыпты. Бала ешкілерін бағып жүреді. Бір күндерде ешкілерін далада жайып жүріп, бір топ киікті көреді, оның ішінде бір алтын мүйізді киік жүреді. Бала бұл киіктерді күнде көріп жүріп, бір күндері шешесіне келіп:

— Далада бір топ киік көрдім, ішінде алтын мүйізді бір шұбар киік бар. Осы шұбар киікті ұстап алып, ханға тарту қылсам, хан маған сыйлық берер ме еді?— дейді.

Шешесі:

— Ұстай алсаң, алып бар, хан сыйлық берер, — дейді.

Бір күндері бала, далада ешкілерін жайып жүріп, алтын мүйізді шұбар киікті тағы да көреді. Сол арада бала әлгі шұбар киікті ұстап алады. Ханға алып жүреді. Ханға апара жатқанда, ханның үйінің жанында уәзірі көреді де:

— Мұнынды ханға апармай — ақ қой, маған сыйлап кет, — дейді.

Бала:

— Жоқ, саған әкеле жатқаным жоқ, ханның өзіне апарам, — деп уәзірге бермейді.

Бала алтын мүйізді шұбар киікті ханға тарту қылады. Хан уәзірін шақырып алып:

— Бұл баланың тартуына сыйлық беруге бола ма? — дейді.

Сонда уәзір:

— Жоқ, бұған сыйлық беруге болмайды! Бұл киіктің астына қоятын бір тақ болады, оның екі қанаты болады: бірі алтын суына малынған, бірі күміс суына малынған. Киік сол алтын тақтың үстінде тұрып ойнағанда, дүниенің қызығын көргендей боласыңыз. Сіздің салтанатыңыз сонда келіседі. Бала соны тауып әкелсін, сонда сыйлық беруге болады, — дейді.

Сонда хан балаға:

— Бұл киіктің астына қоятын тағы

болады. Оның екі жағында екі қанаты болады. Екі қанатының бірі алтын, екіншісі күміс суына малынған.

Соны тауып кел. Сонда сыйлық беремін, ал таба алмасаң басыңды аламын,— дейді.

Бала мұны есітіп, жылап шешесіне келеді.

Шешесі:

— Ойбай, балам! Бұған бола жыламай — ақ қой, өзім іздеп тауып әкелейін,— деп, жолға шығады.

Бір жерлерге келсе, бір топ киік далада жайылып жүреді. Топ киіктің аржағында жердің жарығын жамап бір кемпір отыр екен, бұған келген жұмысының мәнін айтады. Сонда жер жамап отырған кемпір:

— Мысыр шаһарының бержағында бір шаһар бар, киіктің тағын істесе, сонда істейді, баланның қолына мың ділда беріп, соған жібер,— дейді.

Сонан баланың шешесі үйіне қайтып келіп, барлық дүние мүлкін беріп, ешкілерінің барлығын да беріп, оның үстіне өзі неше жыл мал бағуға бір байға жалданады. Сөйтіп, баласына мың ділда құрастырып береді.

Бала мың ділданы алып, киік астына қоятын тақты жасайтын Мысыр шаһарының жанындағы шеберге жүреді. Бала, бірнеше күн жол жүріп, шеберге келеді. Бала шеберге келіп: осындай, осындай, киік астына төсейтін тақты істеуге

келгенін айтады. Сонда шебер:

— Мың ділда берсеңіз мен істей аламын,— дейді.

Сонымен, мың ділдасын шеберге беріп, киік астына қоятын тақты істетіп алып, бала үйіне қайтады. Келе жатса, жолында бір үлкен бәйтерек тұр екен, оның түбіне келсе, екі құдық бар екен, біріншісінде алтын су, екіншісінде күміс су бар. Бала сол арада алып келе жатқан тақтың бірі қанатын алтын құдыққа, екінші қанатын күміс құдыққа малып — малып алады. Бала, тақты алып, үйіне келеді. Ертеңінде ханға алып барады. Айтқандай, тақты баяғы алтын мүйізді шұбар киіктің астына қойғанда, киік ойнап, сән — салтанатын келтіріп тұрады. Хан уәзірін шақырып алып, ақылдасады:

— Мұнысына енді сыйлық беруге бола ма?— деп сұрайды.

Сонда уәзір:

— Жоқ, тақсыр! Мұнысына да әлі сыйлық беруге болмайды. Енді пәлендей жер астында өскен бір сұлу алтын ағаш бар, соны әкеліп, сіздің есік алдына орнатса, сән — салтанатыңыз мұнан әрі келісер еді. Бала соны тауып әкеліп, есік алдына орнатсын. Сол уақытта сыйлық беруге болады,— дейді уәзір.

Сонда хан:

— Сол жердің астында өскен ағашты әкеліп, менің есігімнің нақ алдына орнат, сонда сыйлық беремін,— дейді.

Бала тағы да алтын ағашты іздеп кетеді. Бірнеше күн жол жүріп, бір жерлерге келсе, алдынан бір ақ сақалды шал шығады. Бала өзінің іздеп келе жатқан жұмысының мән— жайын әлгі шалға айтады.

Ақ сақалды шал:

— Осы бетіңмен жүре бер. Бір жерлерге барғанда биік тауларға кездесесін. Таудың бауырынан бір қоян қашар, сен сол қоянды қуа бер, ол қоян барып бір жердің үңгіріне кірер. Сонда ол сол жақтағы үңгірге кірер, сен оң жақтағы үңгірге кір. Сонда қырық ұрыға кездесерсін, олар сені өлтіреміз дер, сен айтарсың: “Мен әп — сәттің ішінде ет пісіре аламын”, — деп. Сол уақытта қырық ұры саған ет пісіртіп, қарап тұрар. Сен етті қазанға салып, мына кездікпен түртіп қалсаң, ет өзінен— өзі пісіп шығады, — деп, шал балаға бір күміс сапты кездік береді.

— Сонымен, бірнеше күнге дейін сонда ет пісіруші болып жүрерсін. Қырық ұры сені үңгірге тастап, өздері сыртқа шығады. Сол уақытта түпкірдегі бір ақ сандыққа көзің түсер. Сол ақ сандықты ашсаң, ішінде бір көк сандық болар, соны ашсаң, ішінде қағазға ораулы дәріні көрерсін. Сол дәріні ал да пісулі тұрған етке шаш. Сол уақытта қырық ұры кезек — кезек келіп есік алдына өле береді. Сонан кейін сол үңгірдің ішін аралап жүрсең, іздеген алтын ағашың сонда тұрар. Сен сол арада

алтын ағаштың бұтағынан қысып, қолыңмен ұстарсын. Екі аяғыңмен ағаштың түпкі тамырын басып, екі көзінді жұмсаң, сонда таң ата ханның есігінің алдына ағаш өзі келіп орнар, — дейді шал.

Бала шалдың айтуымен жүріп келе жатса, таудың үңгірінен бір қоян қашады. Бала қашқан қоянды қуа береді. Қоян бір жердің үңгіріне барып кіреді, бала да кіріп кетеді. Айтқандай, үңгірде екі тесік кездеседі, қоян сол жақтағы үңгірге кіріп кетеді, бала оң жақтағы үңгірге кіріп кетеді.

Үңгірдің ішіне кіріп келсе, балаға қырық ұры кездеседі. Бұлар баланы өлтірмекші болады. Сол арада бала лезде ет пісіре алатынын айтады. Бала етті қазанға салып, баяғы шал берген кездікпен етті түртіп қалғанда, ет өзінен — өзі лезде пісіп болады.

Сонымен, ұрылар баланы өлтірмейтін болып, ет пісіруге қояды. Бала бірсыпыра уақыт сол қырық ұрыда ет пісіріп жүреді. Бір күндерде бала ұйықтап жатса, бүйірінен баяғы ақ сақалды шал түртіп: “Етке тойған соң ұмыттың ба?” — дейді.

Бала оянса, түсі екен. Сол арада ойлап тұрса, баяғы шалдың айтқандары есіне түседі, жан — жағына қарайды. Шал айтқандай, бір бұрышта ақ сандық тұр екен. Жалма — жан кілтті іздеп, ақ сандықты ашса, ішінде бір көк сандық бар екен. Оның ішін қараса, қағазға ораулы дәріге көзі түседі.

Бала енді дәріні қолына алып, қырық ұрылардың сыртқа шығуларын аңдйды. Бір күндері қырық ұры тегісінен сыртқа шығады. Бала жалма— жан етті пісіреді де, дәріні етке шашып жібереді. Сол арада қырық ұры бірінен соң бірі, кезек — кезек есік алдына келіп, топырлап өле береді.

Қырық ұры тегісінен өліп бітеді. Бала жан— жағына қарап, тесіктің ішін еркіндеп аралап жүрсе, жер астында өсіп тұрған жалғыз ағашты көреді. Сол арада алтын ағашты қолымен мықтап ұстайды да екі аяғымен түпкі тамырын басып, екі көзін жұмады.

Бала көзін ашып қараса, таң сарғайып атқан, алтын ағаштың хан есігінің алдында тұрғанын бір — ақ көреді.

Таңертең хан уәзірлерімен алтын ағашты көреді. Бұрынғы бұрынғы ма, ханның салтанаты тіпті артып кетеді! Алтын қанатты тақтың үстінде алтын мүйізді шұбар киік ойнап тұрады. Мұны көріп, хан балаға риза болып, сыйлық беруге барлық уәзірлерін алып ақылдасады. Баланың бүйітп бақыты артқанын көре алмай, уәзірлері күндейді.

Сонда уәзірлер жыйылып ақылдасады. “Ханға айтып, бұл баланы тағы да бір келмейтін жерге жұмсайық. Бөлендей алыста, күн астындағы Күнікей қызды тапсын. Мұны болса да таба алмай өледі, оны іздеп барушылардың өлмей қайтқаны жоқ.

Баланы сонда жіберейік, дейді Хан уәзірлерімен ақылдасады:

— Қане, балаға қандай сыйлық береміз?— дейді.

Сонда баяғы уәзір тұрып:

— Таксыр, сіз өзіңіз болсаңыз қартайдыңыз.

Сізде перзент деген жоқ. Біздің ойымызша, қартайған шағыңызда сізге серіктікке жарайтын, бәлендей жерде күн астындағы Күнікей деген қыз бар. Бұл бала сол қызды тауып әкелсін, сонда мықтап сыйлық беруіңізге болады, — дейді.

Хан тағы да балаға:

— Сол күн астындағы Күнікей қызды тауып әкел, сыйлықты сонда беремін, — дейді. Бала Күнікей қызды іздеп кетеді. Бірнеше күн жүріп келе жатса, алдынан екі алақанына екі тауды салып жүрген бір дәу кездеседі. Бала бұл дәуден жөн сұрайды, сонда дәу:

— Күн астындағы Күнікей сұлу қызды іздеп бара жатқан балаға жолдас болғалы жүрмін — дейді.

— Бала:

— Сол мен боламын, — дейді. Сонымен, екеуі жолдас болып келе жатып, бір тындаушыға кез болады. Бұ да балаға жолдас болып ереді. Тағы да жүріп келе жатса, алдынан екі көлдің суын екі ұртына ұрттап жүрген тағы бір дәу кез болады. Бала жөн сұрайды. Екі көлдің суын ұртына ұрттатушы: — Күн астындағы

Күнікейді іздеп жүрген балаға жолдас болғалы жүрмін, — дейді.

Сонда бала:

— Ендеше, мен — сол бала боламын, — дейді. Сонымен, бұл да екеуіне қосылып, үшеуі жолдас болып жүре береді. Келе жатса, екі аяғына екі батпан тас байлап алған, ойдан қырға жүгіріп жүрген Желаяққа кез болады. Бала жөн сұрайды. Желаяқ:

— Мен күн астындағы Күнікей қызды іздеп бара жатқан балаға жолдас болғалы жүрмін, — дейді.

Бала:

— Ендеше, сол — мен боламын, — дейді.

Сонымен, төртеуі, жолдас болып жүріп келе жатса, бір шұқанақтан көп балаларымен тырмысып шыға алмай жатқан бір құмырысқаны көреді.

Бала құмырысқаны шұңқырдан шығарып жібереді. Сонда құмырысқа, балаға риза болып:

— Сендер мені шұңқырдан шығарып жібердіңдер, осы жақсылықтарыңызды мен де алдарыңызға тіріде бір келтірермін. Мен мына бір қанатымды жұлып берейін, керек болған жерде тұтатсаң, дайын болармын, — деп, бір қанатын жұлып береді.

Бұлар күн астындағы Күнікей қызды іздеп жүріп кетеді. Күн астындағы Күнікей қыз Қаптауының аржағында тұратын бір ханның қызы екен. Ол ханның бір үлкен көк төбет иті бар екен.

Сол ит, күн астындағы Күнікей қызға келе жатқан адам болса, соның дыбысын сезіп, жүз шақырым жерге алдынан шығады екен. Қандай батыр, мықты адамдар болса да көк төбет ит барлығын да жалғыз өзі жайғап салады екен. Қызды іздеп барған адам сау қайтпайтын болған. Мұны білген көп адамдар, көк төбеттен қорқып, қызға бара алмайды екен.

Жолдастары мен баланың келе жатқанын ит жүз шақырымнан біліп, алдарынан шығады. Бір мезгілде көк төбет арсылдап, жер дүниенің шаңын боратып, келе жатыр екен. Баяғы тау көтерген дәу қолындағы бір тауын итке жіберіп кеп қалғанда, көк төбет иттің төбесінен жәй түскендей болып, ит таудың астында сеспей табанда өледі.

Итті таумен бастырып, өлтіріп тастап, бұлар тағы жүріп кетеді. Бір уақытта бұлар күн астындағы Күнікей қыздың үйіне жетеді. Хан бұлардан жөн сұрайды,

Сонда бұлар:

— Осы жақтағы күн астындағы Күнікей қызды іздеп келеміз. Іздеп келуші мына отырған бала біз жанына ерген жолдастарымыз, — дейді.

Сонда хан:

— Жолдарында бір көк ит кездестіме? — деп сұрады.

Бұлар:

— Жолда бір күшікке кездесіп едік, біздің лақтырған кесегіміздің астында үні

өшіп, өліп қалды! — дейді. Хан бұлардың күшіне қайран қалып отырады.

Хан ертеңіне, ел-жұртын жыйып, балуан күрестіреді.

— Осы топты кімде-кім күресіп жығып, күші асса, қызымды соған беремін, — дейді.

— Ханның елі жағынан бір өгіз балуан шығады.

Бала жағынан екі қолына екі тау ұстап жүруші дәу шығады. Екі балуан күресіп, дәу жығып кетеді.

Бірақ хан, сөзінен танып, бұл жолы қызын бермей.

— Енді жаяу бәйгіден озып келгенге беремін, — дейді.

Жаяу жарысқа ханның елінен бір жүйрік мыстан кемпір шығады. Мыстан кемпір қолына екі шыны арақ ұстап шығады да, жолда Желаяққа ішкізіп, мас қылып тастап, өзі зымырай береді.

Бала тыңшыға айтады:

— Кім алда келе жатыр екен, соны тыңдашы? — дейді.

Тыңшы тұра қалып тыңдап:

— Кемпірдің дыбысы білінеді, Желаяқтың дыбысы білінбейді, — дейді.

Бала сол арада баяғы қолындағы кездікті ұстап еді, ұйықтап жатқан Желаяқ дыбыс беріп, оянды Желаяқ оянып жан-жағына қараса, кемпір жоқ. Сол арада жалма-жан жүгіріп отырып, кемпірге жетеді. Қолына бір уыс топырақты алады

да кемпірдің алдынан өте беріп, топырақты көзіне шашып жібереді. Кемпір көзін уқалап аша алмай жатқанда Желаяқ озып кетеді.

Хан сонда да қызын бермейді, қызын жасырып тығып қояды да:

— Кімде-кім қызымның қай жерде екенін тапса, соған беремін, — дейді.

— Бір мезгілде тыңшы тындап жүрсе, хан қызын жер астындағы бір үйге жасырып қойған екен. Қыз сол үйде кесте тігіп отырып, қолындағы инесін жерге түсіріп алады. Тыңшы тындап біліп, тауып алады.

— Хан бұларды темірден салынған қонақ үйге жатқызады. Қонақасы беріп, сыйлап жатқызғаннан кейін, қонақтар жатқан үйдің сыртынан өртейді. Бұлар түн ортасында оянып кетсе, үй өртеніп бара жатыр екен. Бәрі де сасады. Сол жерде көл ұрттаушы дәу ұртындағы бір көлдің суын бүркіп тастап, өртті сөндіреді. Бұлар тып-тыныш ұйықтап жатыр екен. Хан тағы ойлап, бір амал табады. Ертеңіне:

— Қырық қызбен қызымды қатар тұрғызам, солардың ішінен танып алғанға қызымды беремін, — дейді.

Ертеңіне қырық қызды, бір түсте киіндіріп, қатарлап қояды. Қараса, бөрінің киген киімдерінің түсі бір. Елшім танып алмайды. Бала сол уақытта баяғы құмырысқаның қанатын тұтатып жіберген де, құмырысқа келіп қырық қыз ішіндегі күн астындағы Күнікей қыздың алдынан

шығады. Бала күн астындағы Күнікей қызды танийды. Сонымен, ханның басқа істейтін амалы болмайды.

Хан амалы таусылып, ақыры, күн астындағы Күнікей қызды балаға береді.

Күн астындағы Күнікей қызды алып, бұлар еліне қайтады. Баяғы ерген жолдастары, баламен қоштасып, жолда қалып отырады. Бір жерлерге келгенде тыңшы қалады. Тағы бір тауға келгенде, баяғы тау көтеруші дәу қалады. Бір көлдің жанына келгенде баяғы екі көлдің суын ұртаушы қалады. Бір жерлерге келгенде Желаяқ қалады.

Бала келе жатып, бастан-аяқ өзінің басынан кешірген оқиғаларын қызға түгелімен баян етеді, оны ханға апаратынын айтады. Қыз оқымысты, сыйқыршы екен. Баланың ерлігіне сүйсініп, әбден сүйеді. Бірсыпыра жер жүрген соң қыз:

— Ханның еліне жетуге қанша күн қалды? — деп сұрайды.

Бала:

— Екі күншілік жер қалды, — дейді.


Сонда қыз:


— Сен озып ханға бар, менің алдымнан шықсын. Ең алдында хан, оның соңында уәзірлері жүрсін, ең артында өзің жүр, — дейді.

Бала ханға барып қыздың алдынан шығарады.

Қыз: келе жатқан ханды—қасқыр, уәзірді—түлкі қылып жібереді. Екеуі бірін

бірі қуып кетеді. Сонымен, күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап, қосылады. Ел-жұрты баланын ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды.





ҚОСТАУШЫ ТАБЫЛСА, ӨТІРІК АЙТУШЫ ДА ТАБЫЛАДЫ

Екі өтірікші бірі бастап, бірі қостап ел аралап, өтірік айтпақшы болыпты. Біреуі бір күн ілгері жүріп, ел аралап, қонған, түстенген жеріне, жолыққан адамына өтірік айта бермекші болыпты. Екіншісі бір күн кейін жүріп, сол жөнмен алдыңғы өтірікшінің айтқанын қостап, растап отырмақшы болыпты. Өтірікті бастаушы бір ауылға келіп қоныпты. Ауыл адамдары: — Жарқыным, жақсы-жаманнан не тіл бар? — десе, өтірікші: “Ел аман, жұрт тыныш, жалғыз-ақ көкті көбелей, аспанды аралай көшіп бара жатқан ел көрдім”, — депті. Ел нанбапты. Енді келесі кешке сол ауылға қостаушы өтірікші келіп қоныпты. Ауыл адамдары тағы да: — жарқыным, жақсы-жаманнан не тіл бар, кеше келіп, бір қонақ көкті көбелей, аспанды аралай ел көшіп бара жатыр екен деді, онан не білесің? — дейді. Қостаушы: — Болса болар, өйткені аспаннан андасанда керегенің сағанағы түсіп бара жатқаның көрдім, — депті. Бұл өтірік сонан кейін елге лақап болып таралып кетіпті. Келесі күні өтірікті бастаушы енді бір қоналқадағы елге келгенде ауыл адамдары көрген-білгенің болса айта отыр, шырағым, дегенде: — Бөтен

айтарлық сөз жоқ. Жалғыз-ақ жолда бір үлкен көл өртеніп жатыр екен, — депті. Ел нанбапты. Келесі кешке сол ауылға қостаушы өтірікші келіп қоныпты. Ауыл адамдары одан: “Жарқыным, жаңғырыққан не тіл бар? Кеше бір жолаушы, жолда бір көл өртеніп жатыр екен деп кетті, онан не білесің?” — деп сұрағанда қостаушы: — Болса болар, өйткені сол көлден басы күйік, денесі күйік балықтарды әркім алып бара жатқанын көргенім рас, — депті. Бұл өтірік сонан кейін елге тарап кетіпті.



АЙЛАКЕР БАЛА

Ертеде бір жесір әйелдің бір ұл, бір қызы болыпты. Ішсе тамаққа, кісе киімге жарымапты олар. Күндердің, бір күні баласы шешесінен: “Бақыт деген не?” — деп сұрапты.

— Е, балам, кімде-кімнің тамағы тоқ, көйлегі көк, уайымы жоқ болса, басында панасы, ақыл айтар данасы болса, бақ деген сол емес пе, таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін деген осы, құдай сонысын бізден аяп тұр ғой, — депті шешесі.

— “Талапты ерге нұр жауар” деген нақыл сөз бар халықта, осының мәнісі қалай? — деп сұрапты баласы тағы да.

— “Талаптанса нұр жауады” деген рас, балам, бірақ бізден икем кетіп тұр ғой, мен болсам қартайдым, сен болсаң әлі жассың, — депті шешесі.

— Талап, жігер болса, бақытты көктен емес, жерден табуға болады екен ғой, олай болса, ол бақытты бөгде біреуден емес мен өзім тауып алуым керек екен ғой, — деп бала шешесімен қош айтысып, бақыт іздеп, жолға шығады.

Шешесі жол азыққа майға жанышқан талқан дайындап беріп, баласын аттандырады.

Бірнеше күн ұзақ жол жүріп, қарны ашып шаршаған бала ит мұрыны өтпейтін қалың орманға келеді. Орман ішін дию-

перілер мекендейді екен.

— Ей, адамзат баласы, қайда барасың, ажал айдап келді ме сені бұл жерге?— деп ақырады дию-перілер.

— Қайда барарымды қайтесің, күшті болсаң, күш сынасуға мен дайынмын, кел бері!— дейді бала.

— Е, сынассақ сынасайық, өзің де қан түртіп тұрған бала екенсің, келсең кел!— дейді олар.

— Кімде-кім мынау жатқан үлкен қара тасты қысып майын шығарса, сонымызға қалғанымыз бағынышты болайық.

— Жарайды. Дию-перілер алма-кезек тасты қысып, тастан май шығара алмаған соң, кезекті балаға береді. Бала қолын уқалаған болып, қойнындағы майға жанышқан талқанды сығып-сығып майын алақанына жұқтырып алады да дәу қара тасты қысып-қысып, міне мен тастан май шығардым, енді сендер маған бағыныштысындар,— дейді бала. Мұны көрген дию-перілер баланың күші басым екен деп ойлайды. Олар баланы үйлеріне қонаққа алып барып, үлкен сый-құрмет көрсетеді. Дию-перілер баладан қауіптенеді.

Қонақ асын берген соң, баланы жеке үйге жатқызады. Олардың жүріс-тұрысынан сезіктенген бала үйдің ортасына жатпай, пештің ішіне кіріп жатады. Өзінің орнына басқа ұзынша бір затты жатқызып, үстіне шапанын жауып қояды. Дию-

перілер баланы өлтірмек болып, түн ортасы ауған кезде үйдің төбесінен дәу қара тасты тастап жібереді. Бала өлген шығар деп, ертеңгісін үйге кіріп келсе, бала тірі екен. Сасқандарынан: “Е, қонағым, қалай, тыныш ұйықтап тұрдың ба?” — дейді.

— Аздап бүрге шаққаны болмаса, тыныш ұйықтадым ғой, — дейді. Үрейленген дию-перілер баладан құтылғанша асық болады. Көп алтын, қымбат сыйлықтар беріп, оларын диюларға артып, баланы шығарып салады. Бірнеше күн жол жүріп, ауыр жүк көтерген перілердің есі әбден шығады. Жолда жатқан жуан бөренені көріп, “мынау менің шешеме ұршыққа лайықты бөрене екен” деп оны бір періге арқалатады. Ондағы ойы шешесін де батыр етіп көрсетпек болғаны еді. Бала көп заттармен шешесіне аман-есен келіп қосылады. Дию-перілер баланы үйіне әкеліп өздері жөн-жөнімен кетеді. Сөйтіп талапкер бала өзінің ептілігінің, айлакер, тапқырлығының арқасында мұратына жеткен екен.



ӘКЕСІ МЕН БАЛАСЫ

Бір кісі өмірінде өтірікке ешкімді алдына салмаған суайт екен. Бұл кісі баласын баулып, өзіндей өтірікші қылыпты. Баласы әкесінен де өтірікке астам болыпты. Әкесі баласының асқандығын барлайын деп бір күні дөңге тұрғызып баласына жорта:

— Балам, көзім жетіңкіремей тұр, анау қабақтағы бұлдыраған киік пе, немене, десе, баласы:

— Е, ананы айтасың ба? Ол арқар емес пе, баурында егіз қозысы еміп тұрған, — депті. Әкесі тағы:

— Шырағым, сол арқарға қай жағынан барсақ, жақындап көргендейміз? — десе, баласы:

— Ай, әке-ай! Әбден-ақ көзіңіздің жанары кеткен екен. Осы тұрған арыстандай арқарды көре алмадыңыз ба? Арғы қырқаның берісінен, бергі қырқаның арысыман бас баға барсақ, қақ желкесінен сығалаймыз, — депті де, әкесін жіберіпті. Әкесі шын нанып, айтқан жерімен барып қараса, арқар түгіл түк те жоқ екен. Артынан келген баласына әкесі:

— Қане, балам, арқарың? — десе, баласы:

— Арбандап қашқанын да көрмей қалған екенсіз, көзіңіз әбден бұлдыраған екен, — депті. Сонда әкесі:

— Балам, өтірікке баулуым әбден жеткен екен, өзімнен асқан екенсің, — деп батасын беріпті.




АҚЫЛ, ҒЫЛЫМ, БАҚЫТ

Ақыл, ғылым, бақыт — үшеуі бір-бірінен артықшылығын салыстырып таласып сарапқа түсіпті. Сарапшылар оларға былай депті:

Бірінші — бақытқа: сен, тұрақсыз, опасызсың, орнынды тандамай қонасың, қонғанынды ісінтесің, тасытасың, ақырында бір күні лақтырып тастап кетесің. Ақылмен байланыс, сонда көп жасайсың, — депті.

Екінші — ғылымға: дүниеде сенен күшті нәрсе жоқ, қара тасты қайнатасың, дүние жүзін жайнатасың, сақауды сайратасың, жоқты бар, бардан жоқ жасайсың, бірақ та бар ғаламды өзіңе бағындырғың келеді, бағынбағанды демде әлек қыласың. Түзеу де, бұзу да сенен шығады. Ақылмен байланыс, сонда аброймен ұзақ жасайсың, — депті;

Үшінші — ақылға: дүниеде адамзатқа сенен артық дос жоқ, бірақта ашу үстіңе кіріп келгенде, орнынды беріп шығасың да кетесің. Ашу бүлдіріп-бүлдіріп кеткен соң кіресің де ашудың бүлдіргенін оңдайсың. Әуелден орныңнан тұрмай отырсаң, ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді.



БОЙЫ БІР ҚАРЫС, САҚАЛЫ ҚЫРЫҚ ҚАРЫС

Бұрынғы өткен заманда бір кедейдің үш ұлы болыпты. Бүкіл өмірі байлардың есігінде өткен кедей өлерінде үш ұлын қасына алып отырып өсиет айтады. “Үйдің шығыс жағында бір жалмауыз бай бар, соған өлсендер де жалданбандар”, — дейді.

Әкесі дүниеден қайтқан соң үш баласы қызмет істеуге кіріседі.

Ең әуелі қызмет іздеп, ең үлкен ағасы үйінен кетеді. Ол көп уақыт жүріп, қызмет таба алмай әкесі “барма” деген байға барады. Бай бұны көрген соң “хош келдің” деп қарсы алады. Бай бұған:

— Саған бір қызмет берем, соны орындасаң жалшылыққа алам. Ал, орындай алмасаң басынды алам, бәрі бір басқа байларда жұмыс жоқ, — дейді. Кедейдің үлкен ұлы:

— Жарайды, жұмысынды істеймін, — дейді.

Бай жұмысының түрімен таныстырмақ болып кедей ұлына:

— Бір қара нарым бар, күніне 40 бөшке су ішеді, қырық арба құмалақ шығарады, 40 арба пішен жейді, осыны баға алсаң қызметке аламын, егер бұны атқара алмасаң басың алынады, дейді. Жарлының үлкен ұлы жұмыстарды амалсыздан

орындауға кіріседі. Алғашқы күннен-ақ үлгері алмайды. Бай 4 — күннен кейін келіп қараса шөп те, су да жетіспей қара нар арықтап қалған екен. Бай ашуланып кедейдің үлкен ұлының басын алады. Жұмыс сұрап келген адамдарға бай осындай қолдан келмейтін жұмыс тапсырып өлтіре беретін болыпты. Бұдан соң ортаншы ұлы да осы жолмен қаза табады.

Ендігі үйде қалған кіші інісі ағаларын іздеп шығады. Оны жұрт “бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс” деп атайды екен.

Бірқарыс ағаларын іздеп, көп қиындықтарды басынан өткізеді. Ақырында Бірқарыс зұлым байдың аулына келеді.

Бай бұны көріп қуанып, қарқылдап:

— Ал, саған жұмыс әзір, — дейді.

— Қандай жұмыс? — дейді Бірқарыс.

— Бір қара нарым бар, күніне 40 бөшке су ішеді, 40 арба құмалақ шығарады, 40 арба пішен жейді. Соны күтуін, керек, егер күте алмасаң басың алынады, — дейді. Бірқарыс күлімдеп:

— Мақұл, нар деген менің көп баққан малым, бабын табармын — дейді.

Бірқарыс нарды күтуге кіріседі. Бай үйіне барып: “Қолыма қалай түспей кетер екенсің бәлекетім”, — деп масаттанады.

Бірқарыс нарға барып, нарды пішен жейтін орнынан кейінірек, басын пішенге жетпестей етіп байлайды. Одан кейін төрт аяғын төрт қазыққа байлайды. Нар әрі

ұмтылады, бері ұмтылады шөп жеп, су іше алмайды.

Бай бір күні келіп көрсе нар ашығып қалған сияқты көрінеді, бірақ алдында пішен, су дегендер толып тұрады. Бай бірқарысқа:

— Бірқарыс, ана нарды отқа жібер, — дейді де үйіне кетеді. Бірқарыс:

— Күп, қожа!— деп қала береді. Бай кетісімен Бірқарыс нарды пішенімен қосып, отқа өртеп жібереді.

Бай бұны көріп, ашуланып, Бірқарысқа келіп:

— Нарды өртегенің не?— дейді. Бірқарыс:

— Бай—еке, ана нарды отқа жібер, — деп өзіңіз бұйырған соң, сізге асылы нардың керегі болмай қалған ғой, — деп отқа жібердім, — дейді. Бай Бірқарыстан жай кұтыла алмайтынын сезіп, оны бір қиын жұмысқа жұмсағысы келеді.

Бай бір күні Бірқарысты шақырып алып, алыстағы Ақсақтемір

ханнның жүйрік қара арғымағын қалайда әкеліп беруін талап етеді.

Бірқарыс разы болып, қара арғымақты әкелген соң, барлық мүлкіңнің тең жартысын бересің, — дейді байға. Бай ішінең “Бәрі бір қара арғымақты әкеле алмас” деп ойлап, мүлкінің тең жартысын беруге келіседі.

Бірқарыс байдың бір жүйрік атын мініп жолға шығады. Бірнеше күндер, апталар жүріп, Ақсақтемірдің еліне де жетеді.

Келсе Ақсақтемір ханның елінде бір үлкен той болып, ат шабысына әзірленіп жатыр екен дейді. Көптеген жерлерден келген аттарды, Ақсақтемірдің еліндегі аттарды және Ақсақтемірдің қара арғымағын бәйгіге қосады.

Бірқарыс та астына үлкен құс жастық салып, бұ да өз атымен бәйгіге қосылады. Аттылар бәйгі төріне барып, аттарды қоя бергенде Бірқарыс алдынан оза отырып, құс жастықты жарып жіберіп жүнін бәйгіге қосылғандар алдына қарай бората береді. Жастықтың жүні дауылдай борап, бәйгі атындағылардың көзін бітей береді. Бәйгішілер көздері бұлдырап, ештеңе көрмей аттарының басын басқа жаққа бұра жөнеледі. Қалғандары лағып шығып кетеді.

Бәйгіден тек Бірқарыс бұрын келеді, одан соң Ақсақтемірдің қара арғымағы келеді.

Ақсақтемір бұны көріп, табанда ашуланып қара арғымаққа мінген адамын табанда өлтіреді де, Бірқарысты шақырып алып:

— Қонақ! Мал ал, алтын ал, не алсаң да атыңды бер, — дейді. Бірқарыс:

— Хан тақсыр, алыңыз, бірақ маған қара арғымағыңды беріңіз, елге мініп қайтайын, көлігім жоқ және де бір мың діллә алтын беріңіз, — дейді. Есінен танып қалған Ақсақтемір:

— Ал... ал..., ал! — деп Бірқарыстың атының басынан ұстай береді.

Бірқарыс Ақсақтемір елінде қонақ болып жатып, ханның қара арғымағын және бір мың діллә алтынын алып, еліне қайтады. Жолда бірнеше күндер жүріп, байдың еліне келеді. Байға қара арғымақты беріп, уәделі мүлкін сұрай бастайды. Бай Бірқарысқа:

— Мүлкімнің тең жартысын аласың ғой, бірақ менің үйімдегі барлық жұмысты істейтін боласың, — дейді. Бірқарыс оған да көнеді.

Бірқарыс байдың барлық жұмыстарын мүлтіксіз орындап,

қайткенде айтқан уәдесін орындатуды ойлайды. Бай Бірқарыстан қорқып қашпақшы болады. Бұны Бірқарыс сезеді де байдың жол азық салған сандығының түбіне тығылып жатып алады.

Бір күні түнде бай әйелімен екеуі түн ортасында сандықты арбаға салып қашады. Жолға шығып, ұзаған соң бай “Уһ” енді құтылмасақ, Бірқарыс бізге күн бермес деп қояды. Бірқарыс сандық ішінде жатып: “Я, құтылды!” — дейді. Бай әйеліне:

— Апырай, даусының құлаққа естіліп тұрғанын-ай! — дейді. Тағы біраз уақыттар жүріп, елден әбден ұзаған соң: “Құтылдым-құтылдым!” — дейді бай. Бірқарыс қатты дауыстап: “Я, құтылды!” — дейді. Бай ашуланып:

— Құтылдым, құрғырдың даусы қайдан естіліп тұр? — дейді. Бірқарыс тағы да:

— Құтылдың, бәсе құтылдың!— дейді. Бай мен әйел құрғырға не болды деп құлақтарын баса қояды.

Екінші күні кешке таман Бірқарыс сандықтың ішінен шыға келеді. Бай мен әйелде үрей қалмайды.

Кешке құдық басына қонады. Бірқарыс та баймен бірге отырып алады. Бай ішінен Бірқарысты түнде құдыққа тастап жіберуді ойлайды.

Түн ортасы ауғанда бай мен әйелі ұйқыға мас болып жатқанда, Бірқарыс байдың әйелін өз орнына салып, өзі байдың қасына жатып алады. Бай бір уақытта оянып, Бірқарыстың орнындағы өз әйелін сүйреп апарып құдыққа салып жіберіп, орнына келіп жата қояды.

Ертең ерте бай әйелін оятайын десе қасында жатқан Бірқарыс. Бай жалмажан атын жегіп, қаша жөнеледі.

Бірқарыс артынан қуып береді. Бай қалың тоғайға тығылады. Бірқарыс тоғайға өрт жібереді. Бай тоғаймен өртеніп кетеді.

Бірқарыс байдың аулына келіп, барлық малдарын айдап еліне келеді.

ЕТІКШІ

Ерте заманда бір кедей етікші болған екен дейді. Бала-шағасы көп-көп болыпты, кедейліктен тұрмысы да ауыр болыпты. Күнелтіп, бала-шағаларын асырау үшін, ол ел аралап, қобдиын құшақтап жүріп етік тігіпті. Сөйтіп етіктер тігіп, аз ғана табысымен бала-шағаларын асырап күн көріпті.

Күндердің бір күні етікші қобдиын қолтықтап таныс емес бір ауылға етік тігуге аттанады. Бұрын жүрмеген жолы болған соң, етікші адасып кетеді. Түн де болады. Ақырында етікші далада жалғыз тұрған иесіз үйге кездеседі. Иесіз қыстаудың ішіне кіріп, етікші пешінің үстіне шығып, қобдиын басына төсеп жата кетеді.

Бір уақытта салдыр-гүлдір бір нәрсенін, даусы шығады. Етікші есікке қараса мандайында жарқыраған жалғыз көзі бар бір енгезердей дәу кіріп келе жатыр екен.


Дәу кірісімен: “Пеш үстінде жатқан қандай адам?” — дейді. Етікші: “Бұл етікші”, — дейді. Дәу: “А, бізге керек шебер ғой”, — дейді. Дәу бұйырып: “Кәне, бері кел, шебер, мына үйге кір, ерте” етік тігерсің, бүгін ұйықта”, — дейді де бір бөлмеге кіргізеді. Дәудің өзі есіктің алдына жатып ұйқыға кіріседі.

Етікші ішінен: “Енді өмірім жойылды, әліп кетсем балашағамды кім асырап

екен”, — деп үрейленеді. Одан кейін етікші, дәу қолынан өлгенше, дәуді өлтіріп өлейін деп, өткір пышағын алып әзірлейді. Дәу ұйқыға кетті-ау деген кезде, етікші пышағымен дәудің жалғыз көзін түйреп алады. Дәу бақырып: “Ер болсаң екі соқ” дейді, етікші бірде жетер деп, дәудің үстінен аттап өтіп, есікті ашып сыртқа шығады. Дәу табанда өлген екен дейді. Етікші сыртқа шығып, иесіз үйдің төбесіне шығып түнейді. Таң атқан соң дәудің үйін аралап қараса бір қараңғы жерінде сандық тұр екен. Етікші темір сандықты азар деп ашады. Оның іші толған алтын-күміс болады. Бұдан кейін етікші көтергенінше алтын алып, кері ізімен үйіне қайтады.

Үйіне келіп, бұл алтындардан керегін алып, барша мұратына жеткен екен дейді.

Етікшіні балалары өскесін асыраған екен дейді.



ЖАМАНДЫҚ НЕДЕН БОЛАДЫ?

Ертеде орман арасында бір жалғыз кісі тұрыпты, бұл кісіден аң, құстар қорықпай, адамша сөйлесіп жүреді екен. Бір күні әлгі кісі талдың түбінде жатқанда, барлық құстар жиылып, сол жерге түңемек болыпты. Аң, құстар өзара әңгімелесіп: “Осы дүниеде жамандық не себептен болады?” — деп бірінен бірі сұрайды. Сонда қарға айтыпты:

— Дүниедегі жамандық аштықтан болады, жүрегің қарайған соң, не болса соған ұрынасың, ешкімді тындамайсың. Осы ашаршылықтан біздің қанша жақын туысымыз өлді. Сондықтан аш болмаудың қамын ойлау керек, — деді. Көгершін айтты:

— Менің ойлауымша, жаманшылық аштықтан емес. Сүйіспеншіліктен болады. Егер де біз жалғыз болсақ, біздің жұмысымыз аз болар еді. Біз екеу-екеуден тұрамыз. Өзіңнің жар жолдасыңды жақсы көрген соң, саған тыныштық жоқ. Оның тамағын тоқ, көйлегін көк етуді ойлайсың. Және де ол бір жаққа ұшып кетсе, аман-есен келгенше тыныштығың кетіп, қайғы жеп боласың. Келмей қалса, іздеймін деп, өзің бір нәрсеге ұшырап өлесің. Сондықтан жаманшылықтың, бәрі осы сүйіспеншіліктен болады, — деді. Жылан айтты:

— Меніңше, жамандық ызакорлықтан болады. Егерде біз тату тұрсақ ызаланбас едік. Сонда бізге бәрі де жақсы көрінер

еді. Егерде бір нәрсен көңілдегідей болмаса, бек қатты ашуланасың. Ашу кезінде ешкімді аямайсың. Біреуді шақсам екен деп жорғалай бересің. Ақырында біреуді шаққаннан кейін өзінді өлтіреді. Міне жамандық ызақорлықтан болады, — деді.

Бұғы айтты:

— Меніңше, дүниедегі жамандық қорқақтықтан болады. Егерде біз еш нәрседен қорықпайтын болсақ, бәрі де жақсы болар еді. Мен жүйрікпін, күшім көп, кішкентай аңдарды мүйізіммен сүзіп құлатамын, үлкен аңнан қашып құтылам. Бірақ нашарлық, қорқақтық ағаштың бұтағы сыбдырласа, жапырағы суылдаса, қорыққаныңнан есің кетіп қаша бастайсың. Қашып келе жатып жардан құлап өлесің, я, итке жем боласың. Сондықтан қорықпау керек, батыр болу керек, — деді. Сонда баяғы тындап отырған кісі айтты:

— Сіздер бәрін де жамандықты не себептен болатынын дұрыс айттыңдар. Біз адам баласы оны жақсы білеміз, неге десендер біз жамандықты да, жақсылықты да көп істейміз.

Аштық, сүйіспеншілік, ызақорлық, қорқақтық — бәрі де біздің тәнімізді сақтау үшін керек. Бірақ біз тәнімізбен тіршілік етпейміз, көбінесе жанымызбен тіршілік етеміз. Егерде біз бәрінен бұрын тәнімізге қызмет қылмай, жан күйіне қызмет етуді тілесек, онда біз аман болар едік, — деді.

ӨНЕРДІҢ КҮШІ

Бұрынғы өткен заманда Хасен деген патшаның жалғыз ұлы болыпты. Баласы Ыдырыс ел аралап жүріп, Сәтбай деген бір диханшының сұлу қызына ғашық болған екен. Қыздың аты Дүрия екен. Бір күні Ыдырыс қыздың әкесіне сөз салып, кісі жіберіпті.

Сәтбай:

— Қызым барса да, бармаса да өзі біледі депті. Сонан соң Ыдырыс Сәтбай қарттың үйіне өзі келіп, Дүрия қызға өзінің ойын айтыпты. Сонда Дүрия:

— Сен болсаң патшаның ұлысың, мен болсам диханшының қызымын, оны ойладың ба?— депті.

— Неге ойланбайын, Дүрия, ойландым, он ойланып, жүз толғанып келіп отырмын алдыңа, — дейді Ыдырыс. Дүрия ойла-нып:

— Қандай өнерің бар еді?— деп сұрайды.

— Ешқандай өнерім жоқ, — дейді Ыдырыс.

— Өнерсізге үміт арту қиын, үмітінді үз де, жолынды тап, жігітім! Сонда Ыдырыс тұрып:

— Дүрияжан, неге олай дейсің, мен жақында патша боламын ғой, патша болған адамға өнердің қанша керегі бар.

— Жоқ, жігітім, олай демө, бүгін патшасың, ертең кім боларыңа көзің жетеме? Өнерсіздің өкініші көп, өнерлі

өрмелеп өрге шығады, өнерсіздік ойға опық, бойға қорлық емес пе?

Қыз сөзіне намыстанған Ыдырыс патша сарайына келіп, әкесіне болған жайды айтады. Хасен патша қол астындағы барлық шеберлерді шақыртып алып, осы балама бір өнер үйретіп бергендеріне қанша уақыт керек?— деп сұрапты. Өнершілердің әрқайсысы әр түрлі жауап беріпті. Біреулері бір жыл керек, енді біреулері алты ай керек, үш ай керек деп шуласып тұрғанда, басына жүннен қалпақ киген Тоқтыбай деген бір өнерші шал:

— Балаға он бес күнде өнер үйретіп шығаруға болады, — дейді. Патша баласын Тоқтыбайға тапсырады. Он бес күннің ішінде Ыдырыс Тоқтыбайдан қалпақ басыын үйреніп шығады. Хасен патша баласына:

— Қасыңа бірнеше кісі ертіп. Сәтбай қарттың үйіне барып, құда түсіп, қызға өнерінді көрсетіп қайт, көңіл қош болсын, — дейді. Ыдырыс диханның Сәтбай қартқа барып, келісіп, қызы Дүрияны алып, үлкен той жасайды. Дүрия сұлу да, зейінді де еді. Патшаның үйіне келін болып түскен соң, Ыдырысқа Дүрия:

— Енді өнерінді көрсет?— дейді. Ыдырыс сайман-әбзелдерін тауып алып, жүннен бір жақсы қалпақ басып, Дүрияға әкеп көрсетеді.

— Мұның да жақсы өнер екен, енді осыған екеуіміз ешкім білмейтін қосымша

бір өнер табайық. Сонда Ыдырыс:

— Ол не өнер?— деп сұрайды.

— Қалпақты басқанда жиегіне басқа жүннен әріпке ұқсас өрнектер шегеміз, бір әріп бір сөздің балауы болсын, оны екеумізден басқа ешбір хан білмейтін болсын, сақтықта қорлық жоқ деген, түбі — бұл бізге керек оқу, — дейді Дүрия. Сөйтіп олар екеуіне ортақ өнер тапты.

Үш ай ауырғаннан кейін, Хасен патша дүние салды. Ыдырыс әкесінің орнына таққа отырды. Ата-енесін бала-шағасымен қасына көшіріп алды. Ол халыққа тыныш, жағымды патша болыпты. Күндерде бір күн халықтың хал-жағдайын білмек болып, патша үстіне жаман киім киіп, ел аралапты. Бір қаланы аралап келе жатса, түтін шыққан шеткі үйден бір қоңырсы иіс мұрнына келе беріпті. Тәуір тамақ пісіріп жатса керек, неде болса кірейін деп, сол үйге қарай бұрылған екен. Үйге кіріп келсе, белдемше киінген төрт адам отыр. Ыдырыс сәлем бергеннен кейін төртеуі

бір-біріне қарады да оның көзінше қырын тұрған бір адамды зынданға салып, сыртынан тарс бекітіпті. Байқаса, адамды сойып, етінен түрлі тамақ жасап, базарға сатады екен. Жаңағы төртеуі қайта келіп, өзара сөйлеседі де зынданға қарай Ыдырысты сүйрей ала жөнеледі. Зынданға кірсе өзінен басқа екі адам отыр екен, оларда зәре жоқ.

— Бұл не пәле?— деп сұрап еді Ыдырыс отырған адамның бірі жылайды, бірі күледі. Бұларға таңғажайып қалған Ыдырыс:

— Сен неге жылайсың, сен неге күлесің?— дейді. Жылаған адам айтады:

— Мені бүгін түнде соймақшы еді, ажал сағатым тақаған сайын жүрек дір-дір етеді, соған қорыққанымнан жылаймын, — депті. Күлген адам айтады: — Менің аз болса да бір күндік өмірім бар, соған қуанғанымнан күлемін. Бізден гөрі семіздеу екенсің, мүмкін, бізді тағы бір күн қоя тұрып, сені сояр, — дейді. Мұны естіген Ыдырыста зәре-құт қалмайды. үрейленген Ыдырыс бұл пәледен қалай құтылудың амалын табалмай көп ойла-нып, дал болады. Сол мезетте оның ойына Дүрияның үйреткен өнері түседі. Сөйтіп тұрғанда, төрт аспазшы келіп, Ыдырысты зынданнан шығарып алып:

— Сені бүгін соямыз, — дейді. Жүрегі ұшып дірілдеген Ыдырыс:

— Сендер мені соймандар, мен сендерге көп пайда келтіремін.

— Не пайда келтіресің, айт!

— Менің айтқанымды істеп, керекті әбзелдерімді кешіктірмей тауып бересіңдер, сонан соң менің шебер қолымнан өрнектеліп тігілген әдемі бөрікті патшаның әйеліне ұсынасындар, ол сөзге келмей екі мың ділдә береді. Аспазшылар Ыдырыстың айтқанын қылып, жүн мен

әбзелдерін түгел тауып, әкеп береді. Үш-төрт күн өткеннен кейін бөрік те дайын болады. Бөріктің жиегіне Ыдырыс Дүрия үйреткен әріптерден өрнек салған еді. Қалыпқа басқан әдемі бөрікті қуана-қуана алған екі аспазшы атқа мініп, патшаның сарайына барды. Сарайға аттарын байлап, уәзірлерден рұқсат алып, патшаның әйеліне бөрікті ұсынады. Дүрия бөрікті қолына алып, айналдыра қарап, өрнектелген әріптерін ішінен оқып шықты да:

— Бұл бөріктің бағасына не сұрайсындар? — дейді.

— Екі мың ділдә, — дейді аспазшының біреуі. — Жарайды, мен


ділдә алып келгенше кідіре тұрыңыздар,

— дейді де Дүрия далаға шығып:

— 40 нөкер қару-жарағымен дайын тұрсын! — деп жарлық етеді уәзірлеріне. Дүрия екі мың ділдәні алып, үйге кіріп, екі адамның қолына береді. Олар ділдәні алып, бек қуанып, аттарына мініп үйлеріне қайтады. Дүрия да атқа мініп, нөкерлерімен кеткен екі адамның соңынан қарасын үзбей жүріп отырады. Екі адам қораға келіп кірісімен, нөкерлер қораны айнала қоршап алады. Дүрия бірнеше адамдарымен ішке кіріп: “Бұл үйде тірі жан болса, түгел шықсын!” — деп айғай салады. Ішіндегілердің бәрі де тысқа шығады. Қора маңына жиналған қала адамдары да тамашалап қарап тұрады.

Аспазшының екеуі сол арада өзіне өзі пышақ салып өледі, қалған екеуін нөкерлер тірідей қолға түсіреді. Ыдырыс шықпаған соң, Дүрия зынданның кілтін тауып алып, бір-екі нөкерін ертіп, зынданда жатқан Ыдырысты аман-есен шығарып алады. Есін жиған Ыдырыс патша Дүрияны көріп қуанып, аяғына бас иеді. Сонда Дүрия күліп, Ыдырысқа: “Өнердің күші деген міне осы, бұл өнерді үйренбесең, осы үйде өлімге тап болатын едің”, — дейді.

Үйдің ішін түгел аралап, тінтіп шыққан нөкерлер сойылған адамдардың киімдері мен аспазшылардың тыққан ақшаларын тауып алды. Жиналған жұрттың тілегі бойынша Ыдырыс патша тірі қалған екі аспазшыны көп алдында дарға асқызып өлтіртті. Табылған нәрселерді жұртқа үлестіріп, Ыдырыс патша, Дүрия нөкерлерімен аман-есен үйіне қайтқан екен.




АҢҚАУ МЕН ҰРЫ

Баяғыда бір аңқау есегіне мініп жолаушы шығады. Келе жатып тауға шығарда есегін аяп жетектеп өтпекші болады. Бұны екі ұры көріп есекті ұрламақшы болады. Екі ұры аңқауға білдірмей келіп, біреуі есектің ноқтасын сыпырып жіберіп өзі киіп, аңқаудың артынан жүріп отырады. Екіншісі есекті алып кетеді, аңқау білмейді өлең айтып жүре береді. Бір аздан кейін әлгі ұры тартынып жүрмейді, аңқау артына қараса есектің орнына адамды көреді.— Бұл қалай, сен қайдан келдің?— деп, таң қалады.

Ұры:— Сенің есегің, болып жүрген мен кісі едім, бала кезімде тентек болдым, шешем есек бол деп қарғаған еді, мен есек болдым, мені сен базардан сатып алдың. Бүгін шешем жалбарынып құдайдан сұраса керек, қайта адам болдым,— дейді.

Аңқау сеніп ұрыны босатып жібереді.





ҮШ ҚУ

Бұрын бір таз, біреуі жалақ, бір көзі ауырған үш адам жолдас болған екен. Әрқайсысының кеселі бар, таздың басы қышып, көзі ауырған көзі қышып, жалақтың ерні тыртысып, әрқайсысы басымен әлек болып келеді, сонда бұлар ақылдасып, бүйтіп қор болғанша уәде етелік, басты қасымасқа, көзді сипамасқа, ерінді жаламасқа деп бәйгі қояды. қайсымыз уәде бұзсақ, ат-тонымыз олжа болсын дейді. “Мақұл” десіп жүріп кетеді. Бір жерге келгенде көзі ауырған шыдамайды, бір қулық ойлайды. Жолдастарына айтады: “Мен жасымнан мерген едім, оң жағымнан келсе де, сол жағымнан келсе де атып түсіруші ем”, — деп бір қолымен көзін сипап-сипап алыпты. Мұны көріп таз айтты: “Мен де жас шағымда әбден мырза едім, ауылдың мына жағына келсем бөркімді былай киюші ем, ана жағына келсем былай киюші ем”, — деп еркінше басын екі қайта қасып алыпты. Сонда тұрып жалақ айтты: “Екеуіндікі де өтірік”, — деп ернін еркінше жалап алыпты. Бірінікін-бірі білмейді, өздерінің қулықтарын өздері біліп кете берген екен дейді.

Мазмұны

АЛТЫН САҚА.....	5
КҮН АСТЫНДАҒЫ КҮНІКЕЙ ҚЫЗ	13
ҚОСТАУШЫ ТАБЫЛСА,	
ӨТІРІК АЙТУШЫ ДА ТАБЫЛАДЫ	28
АЙЛАКЕР БАЛА	30
ӘКЕСІ МЕН БАЛАСЫ	34
АҚЫЛ, ҒЫЛЫМ, БАҚЫТ	36
БОЙЫ БІР ҚАРЫС, САҚАЛЫ ҚЫРЫҚ ҚАРЫС	38
ЕТІКШІ	44
ЖАМАНДЫҚ НЕДЕН БОЛАДЫ?	46
ӨНЕРДІҢ КҮШІ	48
АҢҚАУ МЕН ҰРЫ	54
ҮШ КҮ	56

*Алтын сақа
(қазақ ертегілері)
(қазақ тілінде)*

Баспа директоры *Ш. Байкенова*
Редакторы *А. Сыздық*
Суретшісі *В. Логинов*
Көркемдеуші редакторы *Ш. Байкенова*
Компьютерде беттеген – дизайнер *Б. Еженов*

ИБ №

Теруге 10.06.2005 жіберілді. Басуға 25.04.2005 қол қойылды.
Пішімі 60×90¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times/kazakh”.
Басылымы офсеттік.

Есептік баспа табағы 7,5. Таралымы 2000.

Тапсырыс

“Балалар әдебиеті” баспасы, 050009,
Алматы қаласы, Абай данғылы 143, тел: 42-23-57

133-65

ББК 82.3 (2Қаз)

А 46

ISBN 9965-650-40-3



9 789965 650406

Алтын сақа

Алматы: Балалар әдебиеті, 2005

ББК 82.3 (2 Қаз)

А 4803250104
00(05)-05

ISBN 9965-650-40-3

алалар
ДЕБИЕТІ